

Бекітемін:

Мектеп директоры: Ж. Сундетов

« 31 » 08 2023 ж



Келісемін:

ДТІЖО: Е. Хитрук

« 29 » 08 2023 ж

**Амангелді орта мектебі
7 сыныптың тәрбие жұмысының жоспары**

Сынып жетекшісі: Мамбетова Л.

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдікозық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердіңқайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар:ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП. Ұлттық мүдде құндылығы:

-Ұлттық мұраға ұқыпты қарау

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

Елінің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Әдеп нормаларын ұстану;

Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетіннәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

Достарын, сыныптастарын сыйлайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талапқұндылығы:

Жеке және командамен жұмыс істей білу;

Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;

Дұрыс қарым-қатынас орната білу; .

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

. «Оқуға құштар мектеп»

. «Балалар және театр»

. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

. «Ұшқыр-ой алаңы»

. «Жеткіншектің жеті жарғысы»

. «Ұлттық мектеп лигасы»

. «Ғаламтор қауіпсіздігі»

. «Төрт тоқсан-төрт өнер»

. «9 ай- 9 іс-шара»

«Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

1қыркүйек-Білім күні,сынып сағаттары

5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тіл тазалығы»тақырыбындағы шаралар

Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл

Қазақ әдебиетінің ХХғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 қыркүйек-білім күні. «Мектеп-мейірім мекені»	Салтанатты жиын және сынып сағаты	Сынып жетекші	1.09
2	«Сәлем жаңа оқу жылы» (Еңбегі адал жас өрен) Автомобиль көлігінің республика экономикасындағы рөлі. ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	4.09
3	«Мектеп-мейірбандық мекені» (Өзіне және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	11.09
4	Еріктілер ұйымын құру(Еңбегі адал жас өрен)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	18.09
5	Отбасы күніне арналған іс шаралар(тоғыз айға тоғыз шара жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	25.09

Қазан айы

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1 қазан –Қарттар күні

5 қазан –Мұғалімдер күні

25 қазан –Республика күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Бір отбасы–бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	сынып сағаты	Сынып жетекші	2.10
2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) . Көлік құралдарының пайдалану ережелері. ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	9.10
3	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда » («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	16.10

ҚАРАША–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1қазан –Қарттар күні

5қазан –Мұғалімдер күні

25қазан –Республика күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	сынып сағаты	Сынып жетекші	6.11
2	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Көлік құралдарының аялдамасы және тұрағы. ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	13.11
3	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	20.11
4	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	27.11

ЖЕЛТОҚСАН- «ҚАЗАҚСТАН –ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

16-17 желтоқсан –Тәуелсіздіктің 32-жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	сынып сағаты	Сынып жетекші	4.12
2	«Отбасы–тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы) Интервал және арақашықтық Қозғалыс жылдамдығы ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	11.12
3	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	9.12
4	Тәуелсіздікке 32 жыл	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	25.12

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы
-Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	сынып сағаты	Сынып жетекші	8.01
2	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	15.01
3	«Мейірімділік құндылығы» Қозғалыс жолағы. ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	22.01
4	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	29.01

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ айы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	сынып сағаты	Сынып жетекші	5.02
2	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Жүргізушілердің жұмысқа қабілеттілігі және олардың сенімділігі. ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	12.02
3	Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	19.02
4	Отаншылдық және оның мәні	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	26.02

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

1 наурыз–Алғыс айту күні.

8 наурыз–Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз–Наурыз мейрамы

27 наурыз –Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас ерен» жобасы) Темір жол өтпелерінен жүріп өту. ЖЖЕ	Сынып сағаты	Сынып жетекші	4.03
2	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы) жобасы) Велосипедшілер, мопедшілердің қозғалысының ережелерін. ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	11.03
3	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі») жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	18.03

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

12 сәуір-ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Достық–көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	1.04
2	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Қорытынды сабақ. ЖЖЕ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	8.04
3	«Ұлттық киім–ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	15.04
4	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	22.04
5	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	25.04

МАМЫР-БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

-1 мамыр –Қазақстан халықтарының бірлігі күні

-7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

-9 мамыр-Жеңіс күні

-31 мамыр-Сәси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

-Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Ұстазға алғыс»(<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы»</i> жобасы)	Салтанатты жиын және сынып сағаты	Сынып жетекші	6.05
2	«Медиаtime» (<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы»</i> жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	13.05
3	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмірсүреді!» (<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы»</i> жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	20.05
4	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» (<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы»</i> жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	8.05